



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Астана қаласы

2018 жылдың 21 маусымы

KASE Astana Hub IT-стартаптар халықаралық технопаркінде "KASE Startup" алаңының тұсаукесерін өткізді

2018 жылдың 21 маусымында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) Астана қаласында Astana Hub IT-стартаптар Халықаралық технопаркінде "KASE Startup" алаңының тұсаукесерін өткізді.

Шараға Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің жауапты хатшысы Арын Орсариев сөз сөйледі.

Астана қаласында Astana Hub IT-стартаптар Халықаралық технопаркінде "KASE Startup" алаңымен KASE Басқарушы директоры Евгений Мухамеджанов таныстырды.

Қазақстан Республикасының экожүйесінің стартапын ұсынатын спикерлер осы саланы дамытудың негізгі трендтерімен, қаржыландыру және стартап-компанияларды дамыту тәжірибесімен бөлісті, жұмыс барысында кездесетін мәселелер жайлы әңгімеледі.

"Зерде" АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары Павел Коктышев осы шарада венчурлық және жеке қаржыландыруды дамыту жөніндегі әлемдік трендтер туралы ақпаратпен бөлісті. "Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттігі" АҚ Басқармасының Төрағасы Марат Омаров венчурлық қаржыландыру және жаңа қаржы құралдары туралы маңызды заң бөлімдері жөнінде әңгімелеп берді. "Astana Hub IT-стартаптар Халықаралық технопарк" КФ Бас директоры Мағжан Мәдиев экожүйе стартапы бағдарламасын дамытудың негізгі кезеңдері жөнінде хабарлады. "KASE Startup" алаңындағы тұсаукесерде Қазақстанның инвестициялық компаниялары мен стартап-компанияларынан спикерлер қатысты.

Іс-шараның мақсаты - кәсіпкерлер мен инвесторларды Қазақстандағы жаңадан бастаған компаниялардың жаңа қаржыландыру бағыты пайда болғаны жөнінде хабардар ету.

Стартап-компанияларды дамытудағы маңызды элементтерінің бірі қорларының тікелей инвестициясының кешенді қол жетімділігін және жеке инвесторлардың стартап-компаниялар туралы ақпаратымен қамтамасыз ететін жариялылық болып табылады. Биржа 25 жылдың ішінде эмитенттер мен инвесторлармен жұмыс технологиясын қалыптастыруы арқасында капиталға инвестиция тартуға мүдделі стартап-компанияларға оңтайлы талаптарды қалыптастырды.

Ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап стартап-компаниялардан 50 өтінім келіп түсті, олардың 10 құжат беруге кірісті, ал 4-і рұқсат алды, олар: "PACK MAN" ЖШС, "Allavin" ЖШС, "Подпиши Онлайн" ЖШС және "Smart Production" ЖШС.

Құжат тапсырған стартап-компаниялардың жартысы IT саласына жатады, 20 % – қаржы, 10 % – энергетика, 20 % – өзге салаларға жатады. Екі стартаптың өз өніміне авторлық құқығы бар. Компания стартапы түрлі даму кезеңдерінде тұр, негізгі бөлігі жұмыс істейді немесе іске қосылудың алдында тұр, атап айтсақ – 40 % пайдалануға, 30 % пайдалану мен іске қосу кезеңінде, 20 % жұмыс істеп тұрған прототип және 10 % прототиппен жұмыс жүргізуде. 80 % стартап инкубаторларда акселерациядан өткенін атап айту қажет.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады.

Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылды. KASE ТМД елдері арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарықтарының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz